Бекітемін:

«А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі: А.Абдуллаева

ЖШС «А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасының ата аналар жиналысының жоспары мен хаттамалары

2025 – 2026 оқу жылы

Ата – аналар жиналысының жұмыс жоспары және хатамалары
2025-2026 оқу жылы.

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аталар мен бөбекжайның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

1	**Қыркүйек айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	**Жауаптылар**
1. Жаңадан келген ата-аналар мен танысу, келісім-шарт жасасу, бейімделу кезеңінде кеңес беру. 2. №1 Топтық ата-аналар жиналысы: «Бөбекжайға үйрену – алғашқы қадамдар» 3. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Баланы ерте дамыту да ата-ана мен педагог ынтымақтастығы» 3.1Психологиялық тренинг: 3.2Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты мен таныстыру. 3.3Күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекетжоспарын түсіндіру. 3.4Тәрбиешілер мен мамандарды таныстыру. 3.5Ата-аналар комитетін бекіту. 3.6Кеңес: «Адаптация кезеңін жеңілдету жолдары»		Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, медбике
2	**Қазан айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	
1. Кеңес: «Отбасы – баланың эмоционалды дамуының негізі» 2. Көрме: «Алтын күзсыйы» (табиғиматериалдардан) 3. Экскурсия: «Кітап – білімбұлағы» аудандықкітапханағасаяхат (ата-аналардыңкөмегімен) 4. Жадынаматарату: «Жолдағықауіпсіздікережелері»		Әдіскер Тәрбиешілер
3	**Қараша айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	
1. Отбасылық спорттық сайыс: «Денсаулық – зор байлық» 2. Кеңес: «Дұрыстамақтану – мықты иммунитет кепілі» 3. Ақпараттық стенд: «Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері»		Әдіскер Тәрбиешілер
4	**Желтоқсан айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	

1. №2 Топтық ата-аналар жиналысы: «Сөйлеу дағдыларын дамытуда жасанды интеллект технологияларын қалай қолданамыз?» 1.1 Психологиялық тренинг: «Баламентиімдіқарым-қатынас» 2. Кеңес: «Қыс мезгілінде балалар денсаулығын сақтау» 3. Кеңес: «Балаларға арналған үздік ертегілер мен кітаптар» 4. Жаңа жылдық ертеңгіліктер (ата-аналардың қатысуымен)		Әдіскер Тәрбиешілер
5	**Қаңтар айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	
1. Қысқы ойындар апталығы: «Қардағы көңілді старттар» 2. Музыкалық кеш: «Қысқы ертегі әлемі» 3. Семинар-практикум: «Ойынарқылы даму» (ата-аналармен) 4. Жылжымалы папка: «Математикалықұғымдардыойынарқылыдамыту»		Әдіскер Тәрбиешілер
6	**Ақпан айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	
1. Дөңгелек үстел: «Балаға кітапты қалай таңдау керек?» 2. Экскурсия: «Кітапхана – білім ордасы» 3. Ашық есік күні: Ата-аналарға топтағы іс-әрекеттерді көрсету		Әдіскер Тәрбиешілер
7	**Наурыз айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	
1. Мерекелік ертеңгілік: «Ана – өмір шуағы» 2. Ұлттық дәстүрлер апталығы: «Салт-дәстүр – ұрпақ қазынасы» 3. Наурыз мерекесін өткізу (8 наурыз және 22 наурыз) 4. Экскурсия: «Естеліктерелі» музейгесаяхат		Әдіскер Тәрбиешілер
8	**Сәуір айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	
1. Аумақты көркейту сенбілігі (ата-аналардың қатысуымен) 2. Экскурсия: «Ауылым – алтын бесігім» саябаққа саяхат		Тәрбиешілер Әдіскер
9	**Мамыр айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	
1. Мерекелікіс-шара: «Достықмекені – Қазақстан» (1 мамыр) 2. Экскурсия: «Батыр бабалар ізімен» жеңіс алаңына саяхат		Әдіскер Тәрбиешілер

3.№3 Топтық ата-аналар жиналысы: «Бір жылдық еңбегіміз: Нәтижелер және болашақ жоспарлар» 4. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Бала дамуының бір жылы: Жетістіктер мен алдағы міндеттер» 5. Кеңес: «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік»	

Ата – аналар жиналысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты:Қыркүйек айы

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Жаңадан келген ата-аналармен танысу, келісім-шарт жасасу, бейімделу кезеңінде кеңес беру.

2. №1 топтық ата-аналар жиналысы: «Бөбекжайға үйрену – алғашқы қадамдар».

3. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Баланы ерте дамытуда ата-ана мен педагог ынтымақтастығы».

4. Психологиялық тренинг өткізу.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартымен таныстыру.

6. Күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын түсіндіру.

7. Тәрбиешілер мен мамандарды таныстыру.

8. Ата-аналар комитетін бекіту.

9. Кеңес: «Адаптация кезеңін жеңілдету жолдары».

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйлеп, жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің ата-аналарымен танысты. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері, келісім-шарт талаптары түсіндіріліп, бейімделу кезеңінде ата-аналардың қолдауының маңыздылығы айтылды.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі «Бөбекжайға үйрену – алғашқы қадамдар» тақырыбында баяндама жасап, балалардың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері мен алғашқы күндері жүргізілетін жұмыстар туралы ақпарат берді.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығы баланың жан-жақты дамуының негізгі шарты екенін атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша Психолог ата-аналармен психологиялық тренинг өткізіп, бірлескен ойындар мен жаттығулар арқылы өзара сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру жолдарын көрсетті.

Бесінші мәселе бойынша Әдіскер мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының негізгі талаптарымен таныстырып, балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын түсіндірді.

Алтыншы мәселе бойынша Тәрбиешілер күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, балалардың тамақтануы, демалысы және қауіпсіздік талаптары туралы толық мәлімет берді.

Жетінші мәселе бойынша Балабақша қызметкерлері мен мамандары (тәрбиешілер, психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы және басқа мамандар) ата-аналарға таныстырылды.

Сегізші мәселе бойынша Ата-аналар комитетінің құрамына ұсынылған кандидаттар талқыланып, ашық дауыс беру арқылы бекітілді.

Тоғызыншы мәселе бойынша Психолог «Адаптация кезеңін жеңілдету жолдары» тақырыбында кеңес беріп, ата-аналарға баланың күн тәртібін сақтау, жағымды көңіл күй қалыптастыру және педагогтермен тұрақты байланыста болу жөнінде ұсыныстар айтты.

Қаулы:

1. Жаңадан келген ата-аналармен келісім-шарт жасау жұмыстары толық аяқталсын.

2. Балалардың бейімделу кезеңінде педагогтер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы жүйелі ұйымдастырылсын.

3. Мемлекеттік стандарт талаптары оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алынсын.

4. Балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет жоспары ата-аналардың назарына тұрақты жеткізіліп отырсын.

5. Бекітілген ата-аналар комитеті балабақша жұмысына белсенді қатыссын.

6. Психологтың ұсынымдары ата-аналар тарапынан орындалсын.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**

Ата – аналар жиналысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты:Қазан айы

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Кеңес: «Отбасы – баланың эмоционалды дамуының негізі».
2. «Алтын күз сыйы» табиғи материалдардан жасалған қолөнер көрмесін ұйымдастыру.
3. «Кітап – білім бұлағы» тақырыбында аудандық кітапханаға экскурсияны ата-аналардың қатысуымен ұйымдастыру.
4. «Жолдағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбында жадынамалар тарату.

Бірінші мәселе бойынша педагог-психолог сөз сөйлеп, отбасының баланың эмоционалдық тұрақтылығы мен тұлғалық қалыптасуындағы шешуші рөліне тоқталды. Баламен сенімді қарым-қатынас орнату, оның сезімдерін түсіне білу, қолдау көрсету және отбасындағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жолдары туралы жан-жақты түсіндірме берілді. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беріліп, тәжірибелік ұсыныстар ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер «Алтын күз сыйы» атты табиғи материалдардан жасалған шығармашылық көрменің мақсаты мен маңызын таныстырды. Көрменің балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, еңбекке баулуға және ата-ана мен бала арасындағы бірлескен жұмысты нығайтуға бағытталғаны айтылды. Ата-аналар көрмеге белсенді қатысуға дайын екендіктерін білдірді.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер «Кітап – білім бұлағы» тақырыбындағы аудандық кітапханаға экскурсияның тәрбиелік және танымдық маңызын түсіндірді. Экскурсия барысында балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру және кітапхана қызметімен таныстыру көзделетіні айтылды. Экскурсияны ұйымдастыруда ата-аналардың қолдау көрсетуі келісілді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиешілер ата-аналарға «Жолдағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбындағы жадынамаларды таныстырып, жол қозғалысы ережелерін балаларға күнделікті түсіндіріп отырудың маңыздылығын атап өтті. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында үйден шыққан сәттен бастап қауіпсіздік талаптарын сақтау жөнінде ұсыныстар берілді.

Қаулы:

1. «Отбасы – баланың эмоционалды дамуының негізі» тақырыбындағы кеңесте берілген ұсынымдарды ата-аналар күнделікті тәрбие жұмысында басшылыққа алсын.

2. «Алтын күз сыйы» көрмесіне әр отбасының белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

3. «Кітап – білім бұлағы» экскурсиясы белгіленген жоспарға сәйкес ата-аналардың қолдауымен ұйымдастырылсын.

4. Жол қауіпсіздігі бойынша таратылған жадынама талаптарын ата-аналар тұрақты түрде орындап, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударсын.

5. Балабақша мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**

Ата – аналар жиналысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты:Қараша айы

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Отбасылық спорттық сайыс: «Денсаулық – зор байлық».
2. Кеңес: «Дұрыс тамақтану – мықты иммунитет кепілі».
3. Ақпараттық стенд: «Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері».

Бірінші мәселе бойынша дене шынықтыру нұсқаушысы сөз сөйлеп, «Денсаулық – зор байлық» атты отбасылық спорттық сайыстың мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. Іс-шараның негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты арттыру және отбасылық құндылықтарды дәріптеу екендігі атап өтілді. Сайыс барысында барлық отбасылар белсенділік танытып, ұйымшылдық пен өзара қолдау көрсетті. Қатысушылар марапатталып, іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша медицина қызметкері «Дұрыс тамақтану – мықты иммунитет кепілі» тақырыбында кеңес берді. Баяндамада мектепке дейінгі жастағы балалардың дұрыс әрі теңгерімді тамақтануының денсаулықты нығайтудағы маңызы түсіндірілді. Дәрумендерге бай тағамдарды тұтыну, тамақтану тәртібін сақтау, табиғи өнімдерді пайдалану және зиянды тағамдарды шектеу жөнінде жан-жақты ұсыныстар берілді. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беріліп, пайдалы кеңестер ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер «Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері» тақырыбында дайындалған ақпараттық стендтің мазмұнымен таныстырды. Балалардың үй жағдайында, көшеде, ойын алаңында және жол қозғалысы кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі жан-жақты түсіндірілді. Ата-аналарға баланың өмірі мен денсаулығын қорғау – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті екендігі ескертіліп, ақпараттық материалдар таныстырылды.

Қаулы

1. Отбасылық спорттық іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп, ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
2. Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыруда медицина қызметкерінің ұсынымдары басшылыққа алынсын.
3. Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелерін балаларға тұрақты түрде түсіндіру және күнделікті өмірде сақтау ата-аналардың бақылауында болсын.

4. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған тәрбиелік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылсын.

5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау топ тәрбиешілері мен балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**

Ата – аналар жиналысының

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты: Желтоқсан айы

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. №2 топтық ата-аналар жиналысы: «Сөйлеу дағдыларын дамытуда жасанды интеллект технологияларын қалай қолданамыз?»

1.1. Психологиялық тренинг: «Баламен тиімді қарым-қатынас».

2. Кеңес: «Қыс мезгілінде балалар денсаулығын сақтау».

3. Кеңес: «Балаларға арналған үздік ертегілер мен кітаптар».

4. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ата-аналардың қатысуымен ұйымдастыру.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер сөз сөйлеп, мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуда заманауи цифрлық және жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдаланудың мүмкіндіктеріне тоқталды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес интерактивті ертегілерді тыңдату, дыбыстарды дұрыс айтуға арналған қосымшаларды қолдану, сөздік қорын молайтатын ойындар мен танымдық тапсырмаларды пайдалану жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар цифрлық құралдарды қолдануда қауіпсіздік талаптары мен экран алдында өткізілетін уақыттың санитарлық нормаларын сақтау қажеттілігі ерекше атап өтілді.

1.1-мәселе бойынша педагог-психолог «Баламен тиімді қарым-қатынас» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында ата-аналар баланы тыңдау мәдениеті, жағымды қарым-қатынас орнату, баланың эмоцияларын түсіну және қолдау көрсету дағдыларын тәжірибелік жаттығулар арқылы меңгерді. Тренинг ата-аналардың белсенді қатысуымен өтті.

Екінші мәселе бойынша медицина қызметкері қыс мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау, жұқпалы аурулардың алдын алу, дұрыс киіндіру, дәрумендерге бай тағамдарды пайдалану және жеке бас гигиенасын сақтау жөнінде жан-жақты кеңес берді. Ата-аналарға балалардың иммунитетін нығайтуға бағытталған практикалық ұсыныстар ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балаларға арналған көркем әдебиеттер мен тәрбиелік мәні жоғары ертегілердің маңызын түсіндірді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай кітаптарды күнделікті оқып беру арқылы тіл байлығын, қиялын, есте сақтау қабілетін және адамгершілік қасиеттерін дамыту жолдары туралы ұсыныстар берілді.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Ертеңгіліктердің жоғары деңгейде өтуі үшін ата-аналардың белсенді қатысуы, балалардың мерекелік киімдерін дайындау, қауіпсіздік талаптарын сақтау және мерекелік көңіл күй қалыптастыру бағытындағы бірлескен жұмыстар талқыланды.

Қаулы

1. Балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуда жасанды интеллект технологияларын педагогтердің ұсынымдары негізінде орынды және қауіпсіз пайдалану ұсынылсын.
2. Педагог-психологтың тренинг барысында берілген әдіс-тәсілдері отбасылық тәрбиеде тұрақты қолданылсын.
3. Қыс мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау бойынша медицина қызметкерінің ұсынымдары қатаң сақталсын.
4. Балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында отбасында күнделікті көркем әдебиет оқу дәстүрі қалыптастырылсын.
5. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша әкімшілігі мен топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**

Ата – аналар жиналысының

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты: Қаңтар айы

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Қысқы ойындар апталығы: «Қардағы көңілді старттар».
2. Музыкалық кеш: «Қысқы ертегі әлемі».
3. Семинар-практикум: «Ойын арқылы даму» (ата-аналармен).
4. Жылжымалы папка: «Математикалық ұғымдарды ойын арқылы дамыту».

1-мәселе бойынша:

Тәрбиеші қысқы ойындар апталығының мақсаты балалардың денсаулығын нығайту, дене белсенділігін арттыру, ептілік пен шапшаңдық қасиеттерін дамыту екенін баяндады. «Қардағы көңілді старттар» спорттық ойындары қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізілетіні айтылды.

2-мәселе бойынша:

Музыка жетекшісі «Қысқы ертегі әлемі» атты музыкалық кештің бағдарламасымен таныстырды. Балалардың ән айту, би билеу, көркем сөз оқу және сахналық қойылымдарға қатысуы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні атап өтілді.

3-мәселе бойынша:

Тәрбиеші «Ойын арқылы даму» тақырыбында семинар-практикум өткізіп, ойынның баланың танымдық, тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дамуына әсері туралы түсіндірді. Ата-аналармен бірге дамытушы ойындар көрсетіліп, оларды үй жағдайында қолдану жолдары талқыланды.

4-мәселе бойынша:

Әдіскер «Математикалық ұғымдарды ойын арқылы дамыту» тақырыбындағы жылжымалы папканың мазмұнымен таныстырды. Папкада балалардың санау, салыстыру, пішіндер мен көлемдерді ажырату дағдыларын дамытуға арналған ойындар мен практикалық ұсыныстар берілгені түсіндірілді.

Қаулы:

1. «Қардағы көңілді старттар» қысқы ойындар апталығы белгіленген жоспарға сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілсін.

2. «Қысқы ертегі әлемі» музыкалық кешіне барлық тәрбиеленушілердің белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

3. «Ойын арқылы даму» семинар-практикумында ұсынылған әдістерді ата-аналар үй жағдайында тұрақты қолдансын.

4. «Математикалық ұғымдарды ойын арқылы дамыту» жылжымалы папкасындағы материалдар ата-аналарға таныстырылып, тәжірибеде пайдалануға ұсынылсын.

5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**

Ата – аналар жиналысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты: Ақпан айы

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Дөңгелек үстел: «Балаға кітапты қалай таңдау керек?»
2. Экскурсия: «Кітапхана – білім ордасы».
3. Ашық есік күні: ата-аналарға топтағы іс-әрекеттерді көрсету.

1-мәселе бойынша:

Тәрбиеші «Балаға кітапты қалай таңдау керек?» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырып, мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сай кітап таңдаудың маңыздылығына тоқталды. Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, күнделікті кітап оқу дәстүрін қалыптастыру және көркем әдебиет арқылы сөздік қорын байыту жолдары түсіндірілді. Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, тәжірибе алмасты.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші тәрбиеленушілердің кітапханаға жасаған экскурсиясының мақсаты мен нәтижелері туралы баяндады. Балалар кітапхананың жұмысымен танысып, кітаптарды күтіп ұстау ережелерін меңгерді. Экскурсия барысында кітап оқуға деген қызығушылықты қалыптастыруға бағытталған танымдық жұмыстар жүргізілгені айтылды.

3-мәселе бойынша:

Ашық есік күні аясында ата-аналарға топтағы оқу-тәрбие қызметі, ойын, шығармашылық, танымдық және ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсетілді. Ата-аналар педагогтердің жұмысымен танысып, балалардың күнделікті іс-әрекеттеріне бақылау жасап, өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

Қаулы:

1. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы көркем әдебиеттерді таңдау және отбасында күнделікті кітап оқу дәстүрін қалыптастыру ұсынылсын.
2. Кітапханаға экскурсиялар мен кітап оқуды насихаттайтын іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

3. Ашық есік күнін өткізу тәжірибесі жалғастырылып, ата-аналардың білім беру үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасалсын.

4. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**

Ата – аналар жиналысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты: Наурыз айы

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Мерекелік ертеңгілік: «Ана – өмір шуағы».
2. Ұлттық дәстүрлер апталығы: «Салт-дәстүр – ұрпақ қазынасы».
3. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні және 22 наурыз – Наурыз мейрамын өткізу.
4. Экскурсия: «Естеліктер елі» музейіне саяхат.

1-мәселе бойынша:

Музыка жетекшісі мен тәрбиеші «Ана – өмір шуағы» атты мерекелік ертеңгіліктің бағдарламасымен таныстырды. Іс-шараның мақсаты – аналарға құрмет көрсету, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және отбасы құндылықтарын дәріптеу екені айтылды. Балалардың ән, би, көркем сөз және сахналық қойылымдары жоғары деңгейде ұйымдастырылатыны баяндалды.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші «Салт-дәстүр – ұрпақ қазынасы» атты ұлттық дәстүрлер апталығының жоспарын таныстырды. Апталық барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары мен қолөнері туралы танымдық іс-шаралар өткізілетіні айтылды. Ата-аналардың бұл жұмыстарға белсенді қатысуының маңыздылығы атап өтілді.

3-мәселе бойынша:

Әдіскер 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мен 22 наурыз – Наурыз мейрамын ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Мерекелік іс-шараларды ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында өткізу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналарды мерекелік бағдарламаларға қатыстыру мәселелері талқыланды.

4-мәселе бойынша:

Тәрбиеші «Естеліктер елі» музейіне экскурсия ұйымдастыру туралы ақпарат берді. Экскурсияның мақсаты – балалардың тарихи-мәдени мұраға қызығушылығын арттыру, туған өлкенің тарихымен таныстыру және мәдени орындарда өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру екені түсіндірілді.

Қаулы:

1. «Ана – өмір шуағы» мерекелік ертеңгілігі бекітілген жоспарға сәйкес жоғары деңгейде өткізілсін.

2. «Салт-дәстүр – ұрпақ қазынасы» апталығы аясындағы барлық іс-шаралар жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.

3. 8 наурыз және 22 наурыз мерекелерін ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізу қамтамасыз етілсін.

4. «Естеліктер елі» музейіне экскурсия белгіленген тәртіпке сәйкес ұйымдастырылып, ата-аналардың келісімі алынсын.

5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау топ тәрбиешілері мен әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**

Ата – аналар жиналысының

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты: Сәуір айы

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Аумақты көркейту сенбілігі (ата-аналардың қатысуымен).
2. Экскурсия: «Ауылым – алтын бесігім» саябаққа саяхат.

1-мәселе бойынша:

Тәрбиеші балабақша аумағын абаттандыру және көркейту мақсатында өткізілетін сенбіліктің жоспарын таныстырды. Сенбілік барысында гүлдер отырғызу, ағаш көшеттерін күтіп-баптау, ойын алаңдарын тазалау және аумақтың санитарлық жағдайын жақсарту жұмыстары жүргізілетіні айтылды. Ата-аналардың бірлескен еңбегі арқылы балаларға қоршаған ортаға ұқыпты қарау мен еңбекке баулу үлгісі көрсетілетіні атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші «Ауылым – алтын бесігім» тақырыбындағы саябаққа экскурсияның мақсаты мен бағдарламасымен таныстырды. Экскурсия барысында балалар туған өлкенің табиғатымен танысып, қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтау және табиғатты аялау жөнінде танымдық мәліметтер алады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналардың жазбаша келісімін алу қажеттілігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. Балабақша аумағын көркейту сенбілігі белгіленген жоспарға сәйкес ата-аналардың белсенді қатысуымен ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Сенбілік барысында еңбек қауіпсіздігі мен санитариялық талаптардың сақталуы қамтамасыз етілсін.
3. «Ауылым – алтын бесігім» саябаққа экскурсиясы бекітілген жоспар бойынша ұйымдастырылып, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынсын.
4. Экскурсияға қатысатын тәрбиеленушілердің ата-аналарынан жазбаша келісім алынсын.
5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау топ тәрбиешілері мен әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**

Ата – аналар жиналысының

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты: Мамыр айы

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Мерекелік іс-шара: «Достық мекені – Қазақстан» (1 мамыр).
2. Экскурсия: «Батыр бабалар ізімен» Жеңіс алаңына саяхат.
3. №3 топтық ата-аналар жиналысы: «Бір жылдық еңбегіміз: Нәтижелер және болашақ жоспарлар».
4. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Бала дамуының бір жылы: Жетістіктер мен алдағы міндеттер».
5. Кеңес: «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік».

1-мәселе бойынша:

Музыка жетекшісі мен тәрбиеші 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Достық мекені – Қазақстан» мерекелік іс-шарасының бағдарламасымен таныстырды. Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілердің бойына достық, татулық, өзара құрмет және отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру екені айтылды. Балалардың ән, би және көркем сөз арқылы мерекеге белсенді қатысуы жоспарланды.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші «Батыр бабалар ізімен» тақырыбындағы Жеңіс алаңына экскурсияның мақсаты туралы баяндады. Экскурсия барысында балалар Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігімен танысып, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін нығайтуға бағытталған тәрбиелік жұмыстар жүргізілетіні айтылды. Қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселесіне ерекше назар аударылды.

3-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі «Бір жылдық еңбегіміз: Нәтижелер және болашақ жоспарлар» тақырыбында оқу жылы ішінде атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысын таныстырды. Балалардың жетістіктері, даму көрсеткіштері және келесі оқу жылына арналған негізгі міндеттер туралы ақпарат берілді. Ата-аналардың ұсыныстары тыңдалды.

4-мәселе бойынша:

Меңгеруші жалпы ата-аналар жиналысында оқу жылының қорытындыларын баяндап, тәрбиеленушілердің дамуындағы жетістіктерге тоқталды. Келесі оқу жылындағы білім беру мен тәрбиелеудің басым бағыттары таныстырылып, ата-аналармен ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

5-мәселе бойынша:

Медбике мен тәрбиеші «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік» тақырыбында кеңес берді. Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, су айдындарындағы, жолдағы, күннің ыстығындағы және ойын алаңдарындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қаулы:

1. «Достық мекені – Қазақстан» мерекелік іс-шарасы жоспарға сәйкес жоғары деңгейде өткізілсін.
2. «Батыр бабалар ізімен» экскурсиясы қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылсын.
3. Оқу жылының қорытындылары назарға алынып, келесі оқу жылына ұсынылған міндеттер басшылыққа алынсын.
4. Ата-аналар мен педагогтердің ынтымақтастығын нығайту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
5. Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналарға берілген ұсынымдар қатаң сақталсын.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша әкімшілігі мен топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**